



Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



ӘЙЕЛ – АНА, ӘЙЕЛ – АРУ, ЕРТЕГІ ЕЛ

Барсан сонау таудағы бұлақтарға,
Керемет үн келді құлақтарға.
Шіркін – ай, әйелдерде біз сезбейтін,
Сырлар көп-ау сырғалы құлақтарда.

Әз Наурыздың атты таңы арайлап,
Арулармен ажарланды әр аймақ.
Күтті халық бұл көгілдір көктемді,
Қайта-қайта күнтізбеге қарайлап.

Қырағтарда көкмайсалар көктеді,
Жұлдыздар да жымыңдайды көктегі.
Бәрі құтты болсын айтып жатқандай,
Әйелдердің жылқы жылғы көктемі.

Олар солай сый сыйлауда тосын ғып,
Демейміз біз түк таба алмай тосылдық.
Сендерге арнап шын жүректен жыр жазып,
Жұлдыздарға біз де бірден қосылдық.


Әйел – Ана,
Әйел – Ару, ертегі ел.
Сыры жұмбақ,
Нәзік жанды еркелі ел.
Аналарым, Аруларым өзіңмен,
Күміс күлкі көктеміңмен ерте кел...

Аруларды келе жатқан гүл ашып,
Алмаңдаршы тектен-текке жылатып.
Сезіммен де сеніммен де аялап,
Жүріңдерші жылы сөзбен жұбатып.

Сендер үшін ата берсін ақ таңдар,
Сырлы әлемнің сұлулығын сақтаңдар!
Сендеріңдер жаңуың тірегі,
Тіршіліктің тауқыметін тартпаңдар!
Әйел анық,
Әйел – бақыт, береке,
Әйелдерсіз керілмейді кереге.
Құтты болсын,
Аналар мен Арулар,
Көктемдегі келген мынау мереке!

Қазыбек ӘШПРБЕКҰЛЫ,
«Апталықтың» ардагері

МЕЙІРІМ МЕН БЕРЕКЕНІҢ БАСТАУЫ



8-наурыз –
Халықаралық
әйелдер
мерекесі
қарсаңында
қала әкімі
Нұржан Ахатов
нәзік жандарды
көктемнің
шуақты
мерекесімен
құттықтады.
Мерекелік
шарада
көпбалалы
аналарға
құрмет
көрсетіп, әр
салада еңбек
етіп жүрген
әйелдерді
марапаттады.



Қала әкімі құттықтау сөзінде қазіргі уақытта елімізде нәзік жандар үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашылғанын атап өтті. Әйелдерге жан-жақты жағдай жасау, олардың құқығын қорғау және отбасы институтын нығайту мемлекеттік саясаттың негізгі басымдығы екенін атап айтты.

– Сіздерді табиғат жанарып, мейірім шуағын төгетін көктем мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Халқымызда «Ата – ұлды, ана ұлтты тәрбиелейді» деген дана сөз бар. Расында, ана – отбасының берекесі, бүкіл адамзаттың тәрбиешісі. Еріне адал жар, баласына ардақты ана болуымен қатар, отбасының ұйтқысы

болып жүрген аналарымызға құрметіміз шексіз. Шаһарымызда 19 мыңнан астам қыз-келіншектер кәсіпті қолға алып, бизнестің дамуына үлес қосса, қала әкімдігінде және оған қарасты мекемелерде 90-ға жуық нәзік жан мемлекеттік қызметте абыроймен қызмет атқарып жүр. Әйелдердің белсенділігімен қатар қоғамдағы үлесі де артып келеді. Нәзік жандар қай салада еңбек етсе де кәсіби билік пен жауапкершіліктің, табандылық пен төзімділіктің үлгісін көрсетіп келеді. Мерелеріңіз құтты болсын, – деді қала әкімі.

А.БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Сыр журналистикасының мерейі

8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында «Qyzylorda» телеарнасының шеф редакторы Айнұр Тұңғышбаеваны Ақорлада Мемлекет басшысы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапаттады. Айнұр Нұрланқызы көпшілікке таныстырудың өзі артық. Журналистикадағы еңбек жолында «Ақмешіт апталығы», облыстық «Сыр бойы» газетінде еңбек етіп, ұшқыр қаламынан, өткір де, ойлы макалаларын оқырманы іздеп жүріп оқыса, қазір облыстық телеарнада «Үшпаған» сараптамалық бағдарламасын көрермен қалт жібермей көреді. Есімі елге белгілі тәжірибелі журналист ретінде кейінгі буынға берері мол Айнұр Нұрланқызының кеудесінде жарқыраған «Ерен еңбегі үшін» медалі Сыр журналистикасына берілген баға деп білеміз. Әріптесіміздің марапаты құтты болсын! Сыр журналистикасының абыройы арта берсін!

НӘЗІКТІК ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК ҮНДЕСКЕН



Қоғамда әйелдер тек отбасының ұйтқысы ғана емес, түрлі салада кәсіби шеберлігімен танылып, жауапты қызмет атқарып жүр. Нәзік жандар отбасының берекесін сақтап, қоғамның дамуына үлесін қосып келеді. Осындай жандардың бірі – қаржы саласында көп жылдық тәжірибесі бар, «Отбасы банк» АҚ несиенен кейінгі қолдау және қызмет көрсету бөлімінің басшысы Сәуле Алматықызы. Қаржы саласында 25 жылға жуық еңбек еткен ол 19 жылдан астам уақытын «Отбасы банкте» мыңдаған клиенттің баспана мәселесін шешуге атсалысып жүрген тәжірибелі маман.

4-БЕТТЕ

ТЕНДІК МҰРАТЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ПАЙЫМ



Көктемнің алғашқы лебімен бірге келетін 8 наурыз мерекесі бүгінде нәзіктік пен сұлулықтың символына айналғанымен, оның тамыры тереңде, тарихтың алмағайып кезеңдерінде жатыр. Бұл күн өз құқығын қорғаған әйелдер қауымының қажырлы күресі мен жеңісінің шежіресі.

4-БЕТТЕ



ӘЙЕЛ КҮННІҢ

НӘЗІК ЖАННЫҢ
НЫҚ ҚАДАМЫ

Әйел, ана, келін, қызмет. Осылардың барлығын қатар алып жүру кез келгеннің қолынан келе бермейді. Бүгінгі біздің кейіпкеріміздің есімі қызылордалықтарға етене таныс. Еңбек жолын мемлекеттік қызметтен бастаған Гүлмира Рахметова бүгінде қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры қызметін атқаруда.

Кітапхана – тыныштық мекені. Бірақ сол тыныштықтың артында үлкен еңбек, жауапкершілік бар. Гүлмира Рахметова сол жауапкершілікті, нәзіктік пен табандылықты қатар ұстап, ұжымды басқарып келе жатқанына алты жыл болыпты. Кітапханалар жүйесінің директоры ретінде ол тек басы емес, мәдениеттің жанашыры, ұжымның тірегі, оқырманның сенімді серігі десек те болады.

Еңбек жолын қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінде жетекші маман ретінде бастаған ол қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы қызметіне дейін көтерілді. Әйел адам үшін басшылық жол оңай емес. Себебі ұжымды басқару, шешім қабылдау, жауапкершілік арқалау мұның бәрі батылдықты талап етеді. Қызмет жолында қиындықтар да болды. Ғимараттардың ескілігі, қаржыландыру тапшылығы, жастардың кітапқа деген қызығушылығының төмендеуі секілді мәселелерді шешуге иықпал етті. Ол нәзіктік пен табандылықты үйлестіре білді. Гүлмира Шамсутдинқызының басты ұстанымы – әділдік пен адамгершілік.

– Ұжымды басқару үшін бұйрық жеткіліксіз, сенім керек. Әр қызметкердің пікіріне құлақ асып, ортақ мақсатқа жұмылдыра білу – басты міндетім. Басты қағидам – ұжымды ұйымдастыру, қарапайым болу, әр маманға адами тұрғыда қарау, оларды өзінмен бірдей көру. Бірақ берілген тапсырманы жауапкершілікпен талап ететін. Ең бастысы, ұжыммен сыйластықта болу, – дейді ол.

Бүгінде кітапханалар тек кітап беретін орын емес, рухани орталыққа айналып келеді. Әлеби кештер, шығармашылық кездесулер – осындай бастамалардың барлығы оның іскерлігі мен жаңашылдығының нәтижесі. Соңғы 3 жылда оқырмандар саны артып, жастардың кітапқа деген қызығушылығы арта түскен.

– Мен қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы қызметін атқарған кезде қолбалау аналардың ортасында жүрдім. Әлеуметтік саланың қазанында бірге қайнадым. Содан болар, мені қолбалау аналар әлі іздеп келеді. Мені көрсек қуанатын жандар көп. Менің ұстанымым ештеңеге қарамастан алға жүру. Бастаған ісімді аяғына дейін жеткізгенді жақсы көремін, – дейді ол.

Сонымен қатар ол – отбасының ұйытқысы болып отырған ана және келін. 27 жылдан астам ата-енесімен бірге тұрып, солардың жағдайын жасап келеді.

– Әйел үшін ең үлкен күш – отбасының қолдауы. Отбасы мен жұмысты қатар алып жүретін жандар ең мықты әйелдер. Қандай биікке шықсаң да, үйдегі жылылық пен қолдау – басты тірегің, – дейді ол.

Гүлмира Рахметова «көшбасшы болу үшін – алдымен жақсы адам болу керек» деп санайды. Жас қыздарға айтар кеңесі де осы.

– Әрбір адам жақсы болуға тырысу керек. Қандай жағдай болса да жұртқа жамандық тілеуе керек. Әр жамандықтың артында жауабы бар. Сондықтан жақсылық ойлау керек. Әр күніңді күліп баста. Басқа біреудің күлімдеуіне себепкер бол. Әрпітестерге де үнемі осылай айтып отырамын. Әрбір адамға сенім арта білу керек. Әйелдер бір-біріне қолдау көрсету керек екенін ұмытпағанымыз жөн. Өзінді дамыту үшін ең алдымен кітап оқы. Мыңдаған кітап ортасында жүріп тұсың деп кітапты оқыған сайын өзіңе кішкене болса да түйін жасайсың. Өміріңе қажет нәрселерді аласың. Алдына мақсат қоюды үйренесің. Сондықтан айтарым, әрбір ана, әйел, қыз білімді болуға ұмтылса екен. Білімді әйел – қоғамның тірегі. Қыз анаға қарап бой түзейді, – дейді ол.

Айтолқын АЙТЖАНОВА

Айгүл ӨТКЕЛБАЕВА, Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мектеп директоры:

БАҚЫТ ҮШІН
ЖАРАЛҒАН ЖАНДАР

8-наурыз халықаралық әйелдер күні арулар үшін ғажап күн. Шуақты сәтті нәзік жандар асыға күтеді. Себебі ұлт ұясының отанасы, әлемнің әдемілігі мен табиғаттың таңғажайып сұлулығы мен мейірімін бойына жинаған әйелдер қауымына құрмет ерекше. Осындай аяулы жанның бірі – Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мектеп директоры Айгүл Алтынбекқызы Өткелбаева. Қазак қызына тән биаялылығына қоса өте белсенді, ұйымдастырушылық қабілетімен ерекшеленген мектеп басшысымен мерекесінде сұхбаттасудың сәті түсті.

– Көктемнің алғашқы мерекесі 8 наурыз күні қалай тойлайсыз? Сізге несімен ерекше?

– 8 наурыз мен үшін күнтізбедегі жай ғана демалыс күні емес, бұл – Табиғат-Ананың оянуымен үндескен мерекесі. Қысқы күйдің аянынан Жер-Ана қалай түрленіп, айналасына өмір сыйлай бастаса, әйел заты да солай бүкіл тіршіліктің, шуақтың және мейірімнің бастауы. Бұл күннің кереметі – айналаның жасыл желекке оранып, бәйішешектердің бой көтеруімен, табиғаттың түрленуімен тұспа-тұс келуі. Мен үшін бұл мерекесі нәзіктік пен қуаттың тоғысуы. Сондықтан міндетті түрде жақындарыма жылы сыйлап, анама деген шексіз алғысымды білдіруден бастаймын.

Әйел, ана – отбасының күні болса, көктем жылдың жарқыраған күні іспеттес. Әйел заты да көктем секілді айналасына өмір сыйлап, жылу береді. Сондықтан бұл күн маған әйел бақытының, ана махаббатының қаншалықты құдіретті екенін тағы бір мәрте еске салатынымен қымбат.

– Белсендісіз. Қайнар күшті қайдан аласыз?

– Сөзіңіздің жаны бар. Көпшілік «шаршамайсыз ба?» деп сұрап жатады. Менің негізгі күш-қуатым ішкі үйлесім мен сүйікті ісімде. Ең бірінші, отбасымның қолдауы, үйдегі атмосфера маған қанат бітіреді. Әрбір ісімнің жемісін көру, біреуге пайдан тигенін сезіну – ең үлкен мотивация. Өзім жақсы көретін іспен айналысқанда шаршауды ұмытамын. «Адамның жаны сұлу болса, тәні де қуатты болады» деген ұстанымды ұстанамын. Екінші қолдау – ол шәкірттерімнің білім алуға деген ниеті мен шапшаңдығын жауап берген көзі. Балаларды жақсы көремін. Баланы алдай алмайсың, оларға өз энергияңды жұмсап, білімді берсең, олар бала махаббатымен қайтарады. Сондықтан шаршадым деп айтуға болмайды. Үшінші күш-қуатымның қайнар көзі – табиғатпен үндестікте. Көктем басталысымен көгалдандыру ісін бастап кетемін. Табиғат-анаға қызмет етсең, жемісін еселеп береді. Осы кезге дейін көгалдандыру жұмысына өз үлесімді қосып жүрген қоғам мүшесімін десем қателеспеймін. Көктемде күн сәулесі жер бетін қалып қалып, мен де айналамдағы шәкірттеріме, ұжымға және отбасыма сондай шуақ шашуға тырысамын. Ағаштың бүршік жаруы, өзеннің түрлідеп ағуы маған ерекше серпін береді. Табиғат оянуынан жаңа идеялар мен шабыт аламын. Атқарылып істін жемісін көру өмірлік бақыт деп ойлаймын.

Асүйімде де «көктемгі серпіліс» жасағанды ұнатамын. Көктем келісімен, ағзаға қуат беретін, жасыл шөптер мен пайдалы өнімнен дайындалған тағамдар әзірлеймін. Өрне, ұлттық нақыштағы дәстүрлі ас – біздің дастарханның сәні. Асхана – менің шығармашылық бөлmem. Отбасым үшін ерекше дәмдеуіштер қосылған ұлттық тағамдарды және соңғы кезде дәруменге бай заманауи салатты жиі әзірлеймін. Әсіресе демалыс күндері біз отбасымызбен бірлесіп ерекше ас пісіруді дәстүрге айналдырғанбыз.

– Кітап оқуға уақыт табасыз ба?

– Жан дүниеңді байыту үшін классикалық әдебиет

пен тулғалық даму кітаптарын көп оқимын. Бір мезгілде бірнеше шығарманы қатар оқимын. Оқып қана қоймай, сол сюжетке түсірілген фильмді көріп, автордың айтқысы келген идеясына баға беруді ұнатамын. Әдебиеттегі кейіпкерлердің тереңдігін түсінуге тырысып, қара сөздің құдіретін сезінгенді жаным сүйеді. Сонымен қатар көктемгі табиғат көрінісінен шабыт алып, ой толғаймын. Топырақтың иісін сезіну, алғашқы гүлдерді тамашалау – мен үшін баға жетпес демалыс.

– Әйел бақыты неде?

– Мен бақытты жармын, төрт баланың анасымын, ата-анамның аяулы қызымын, ата-енемнің үлкен келінімін. Тәңірім берген нығметке жарық күніне ризашылық етемін. Әйел адам бақытты болу үшін көп нәрсе қажет етпейді. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болса, отбасында төрт көзіміз түгел болса, анаға одан артық бақыт жоқ. Әрбір ана бақытты болуға лайық.

– Мерекеге лебіңіз...

– Қадірлі аяулы аналар, нәзік жандар! Табиғат-Ана түрленіп, дүние жарнаған шуақты шақта көңілдеріңізден көктем кетпесін. Сіздердің мейірімдеріңіз қатып қалған мұзды ерітетін күн н ұ р ы н д а й қуатты. Жандарыңыз әрдайым гүлдей жайнап, өмірлеріңіз бақыт пен шаттыққа толсын. Әрбір атқан таң тек жақсылық пен жаңа мүмкіндіктер ала келсін. Өлемізін ажары, отбасының тірегі болып, шуақ шашып жүре беріңіздер. Әрбір әйел заты бақыт үшін жаралған әлемнің ажары. Күлкілеріңізден әлем нұрлана түссін. Жандарыңыздан көктемнің жылуы, көңілдеріңізден гүлдердің хош иісі кетпесін. Шаңырақта береке, отбасында тыныштық болсын. Өрқашан сүйікті, әрі сыйлы болып, биік белестерді бағындыра беріңіздер! Көктемгі көңілу күйі серіктеріңіз болсын!

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІН АРҚАЛАҒАН ЖІБЕК

Басмыз ауырып, балтырымыз сыздаса дереу дәрігерге жүгінетіміз рас. Сондықтан да ақ халатты абзал жандардың адам өмірінде алар орны ерекше. Дәрігерлердің қай-қайсыны алып қарасақ та жауапкершілік жүгін арқалап жүр. Мерекесіне қарсаңында жауапты міндетті арқалап жүрген дәрігерлердің бірі Жібек Ілиясова жайлы жазғанды жөн көрдік. Білікті маман бүгінгі таңда қаламыздағы №3 емханада жалпы тәжірибелік дәрігер болып еңбек етеді.

Таңғы 8:00-ден бастап емханаға адам келе бастайды. Қарбаластың ортасында әр науқасты сабырлы қабылдап отыратын жалпы тәжірибелік дәрігерлер бар. Жібек Ілиясованың таңы да осындай үлкен жауапкершіліктен басталады.

– Ауруды ерте анықтау, алдын алу шараларын жүргізу және халыққа тиімді медициналық кеңес беру, жалпы қоғам денсаулығын нығайту тегі. Күндіз жоспары сол күнге жазылған пациенттердің қабылдау тізімінен басталады. Пациентерді қабылдау, созылмалы ауруы бар науқастарды бақылау, профилактикалық тексеру жүргіземін. Сонымен қатар үй жағдайында нәрестелерді патронаждық бақылау, «Д» есептегі науқастарға бақылау жүргіземіз. Қабылдаудан тыс уақытта жоспарлы емге жатқызуға, мүгеделікке жолдау тізімін

жазамын. Ең бастысы ауруды асқындырмай ерте анықтау. Біз науқастың шағымын ғана емес, өмір салтын, психологиялық жағдайын да ескереміз. Өйткені адам денсаулығы – тұтас жүйе. Аурудың алдын алу үшін алғашқы қадам осылай жасалады. Кейде бір қарапайым көрінген шағымның артында үлкен дерт тұруы мүмкін. Осындай сәтте тәжірибе мен білім көп көмектеседі. Сондықтан үнемі үздіксіз білім алып медициналық жаңалықпен танысып, кәсіби семинарларға қатысамын, – дейді Жібек.

Күнне көптеген адам қабылдау оңай емес. Өрқайсысының мінезі, жағдайы, денсаулығы әртүрлі. Соған қарамастан үнемі келген адамдарға жанашырлық танытып отырады. Отбасымен қатар осындай жауапкершілігі жоғары жұмысты қатар алып жүру үшін үлкен жүрек керек екені белгілі. Дәрігердің айтуынша, халық көбіне ауру асқынғанда келеді. Сондықтан профилактикалық тексерістер отуңды маңызды екенін айтады. Өңіміге барысында оның мамандыққа деген сүйіспеншілігі бала кезден басталғанын айтып өтті.

– Бала кезімен адамдарға көмектескім келетін. Өсе келе, дәрігер болу үлкен жауапкершілік екенін ұқтым. Өкemenің інісі дәрігер еді. Сол кісінің жолын қуып дәрігер болуды армандадым. Ақ халат – тазалықтың ғана емес, адалдықтың белгісі. Жалпы тәжірибелік дәрігердің күнделікті еңбегі – үнемі ерлік. Әр пациент саған ұлт артып келеді. Сол сенімді ақтау – басты міндет. Дәрігер үшін ең үлкен марапат емделушінің алғысы. Еңбек жолымда кездескен қиындыққа сабыр сақтап, науқастың денсаулығын бірінші орынға қоямын. Әр қиындық кәсіби өсумен шыдамдылық арттыруға мүмкіндік береді, – дейді Жібек Ілиясова.

А.БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Қызылорда қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 5 наурыздағы
№472 қаулысы

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына сәйкес, сондай-ақ «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 4 ақпандағы №1/7-24/317 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Меншік иелерінен немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушылардан Қызылорда қаласының аумағында орналасқан жалпы көлемі 924,0 (тоғыз жүз жиырма төрт) гектар жер учаскелерінен қажетті көлемі 3,5 (үш бүтін оннан бес) гектар бөлігін

«Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырының екінші желісін салу мақсатында осы қаулының қосымшасына сәйкес мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылғы 8 маусым болып белгіленсін.
3. Меншік иелері немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушылар жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Ыбырай Жахаев көшесі, №24, №10 кабинет болып белгіленсін.
4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.
5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қаты-

настары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушыларды ескертіп, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданысын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысына енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі НАХАТОВ

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2026 жылғы «5» наурыздағы № 472 қаулысына қосымша

№	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесінің немесе жер пайдаланушының аты-жөні	Жалпы көлемі, га	Мемлекет мұқтажы үшін қажетті көлемі, га	Нысаналы мақсаты	құқық түрі
1	10-156-074-027	«Берікбол» шаруа қожалығы	100,0	3,3	өзіндік кәсіпкерлікке негізделген шаруа қожалығын жүргізу үшін	жеке меншік
2	10-156-075-124	«Арман» шаруа қожалығы	824,0	0,2	шаруа қожалығын жүргізу үшін	уақытша өтеулі ұзақ мерзімді ортақ үлесік жер пайдалану
Барлығы			924,0	3,5		

Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы М.ӘЖІБЕКОВ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ІРІКТЕУДІҢ
ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ

Мемлекеттік қызметке қабылдау тәртібі айтарлықтай жаңартылып, үміткерлер үшін барынша ашық әрі қолжетімді бола түсті. Жаңа жүйе конкурстық қатысу процесін жеңілдетіп, іріктеудің әділдігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Бүгінде үміткерлер конкурстық онлайн форматта қатыса алады. Бұрын талап етілетін заңнама саны 9-дан 4-ке дейін қысқартылды. Бұл өзгеріс азаматтардың дайындалу процесін оңтайландырып, артық жүктемені азайтты.

Сонымен қатар іріктеу барысында «адам факторын» ықпалы барынша төмендетілді. Конкурстық іріктеуге тәуелсіз протокторинг жүйесінің енгізілуі тестілеудің ашық әрі әділ өтуіне мүмкіндік береді. Үміткерлер туралы барлық деректер толықтай құпия сақталады, ал конкурс барысындағы бейнежазба іріктеу процесінің ашықтығын қамтамасыз етеді.

Конкурстық қатысу үшін үміткерлер eQuiznet сайтына тіркеліп, қажетті құжаттарын жүктеуі қажет. Бұл портал мемлекеттік қызметке онлайн орналасуға мүмкіндік беретін заманауи цифрлық алаң болып табылады. Мемлекеттік қызметке алғаш рет кіретін немесе үзілістен кейін қайта келетін азаматтар Қазақстан Республикасы

заңнамаларын білуге арналған тестілеуден өтеді. Бұл талап үміткерлердің құқықтық сауаттылығын тексеруге бағытталған. Жаңа жүйе бойынша конкурс бірнеше кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде үміткерлердің жеке қасиеттері бағаланады. Екінші кезеңде мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілеті тексеріледі. Басшылық лауазымдарға үміткерлер үшін үшінші кезеңде ессе жазу қарастырылған. Ал ең жоғары ұпай жинаған қатысушылар қорытынды кезеңге, яғни әңгімелесуге немесе практикалық бағалауға жіберіледі.

Іріктеудің барлық кезеңдерінің қорытындысы бойынша ең жоғары балл жинаған кандидат жеңімпаз атанып, бос лауазымға орналасу мүмкіндігіне ие болады.

Мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа жүйесі ашықтықты, әділдікті және цифрлық қолжетімділікті қамтамасыз етіп, кәсіби әрі білікті мамандарды тартуға бағытталған маңызды қадам болып отыр.

М.АБТИКЕРОВА,

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің бас маманы

ШУАҒЫНАН ЖАРАЛҒАН

Гүлжан ИЛЬСОВА, Қызылорда облысы Полиция департаментінің қоғамдық қауіпсіздік басқармасы үгіт-насихат тобының аға инспекторы, полиция майоры:

ОЛАР АЛМАЙТЫН ҚАМАЛ ЖОҚ

Бүгінгі қоғамда әйел заты тек отбасының берекесі ғана емес, ер-азаматтармен нық тіресе жүріп, едің тыныштығы мен қауіпсіздігін күзетуде де белсенділік танытуда. Соның ішінде күн-түн демей, қызмет бабымен қатал тәртіпті серік еткен, нығына погон тағып, антқа адал болуды басты міндет санаған нәзік жандардың еңбегі құрметке лайық. Олардың әрқайсысының тағдыры мен таңдаған жолы үлкен жауапкершілік пен отансүйгіштіктің жарқын үлгісі.

Осындай жауапты қызметтің жүгін аркалап, Қызылорда облысы полиция департаментінің қоғамдық қауіпсіздік басқармасы үгіт-насихат тобының аға инспекторы қызметін атқарып жүрген полиция майоры Гүлжан Ильсова. Қызмет пен отбасыны қатар алып жүрген Гүлжан Каһаршақызымен сұхбаттасудың сәті түсті.

дүниеде әрдайым адам тағдырына деген жанашырлық жоғалған емес.

– Алғашқы жұмыс күнінің есіңізде ме?

– Оны ұмыту мүмкін емес. Алғаш рет полиция формасын киіп, айнаға қараған сәтте бойымды ерекше мақтанш пен зор жауапкершілік сезімі болады. Сәл де болса толқу болды.

– Осы уақытқа дейінгі қызмет бабында есте қалған немесе ерекше оқиға туралы айтып берсеңіз.

– Біздің жұмыста әр күн – бір тарих. Дегенмен маған ең қатты әсер ететін – халықтың шынайы алғысы. Кездесу барысында тұрғындардың полиция жұмысына сенім білдіріп, атқарылған іске ризашылық айтқан сәттері жүректі жылытады. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолындағы еңбектің бағаланғаны – мен үшін ең үлкен марапат.

– Мереке кезінде кезекшілікте болған сәттеріңіз жиі бола ма?

– Әрине, біз үшін қоғам қауіпсіздігі мерекеден де жоғары тұрады. Сондықтан мерекелеріміз кезекшілікте болу үйреншікті ісіміз. Отбасым бұл жағдайды түсіністікпен қабылдайды. Егер мүмкіндік болып жатса, мерекені жақындарымның ортасында өткізуге тырысамын.

– Қоғамда әлі де «бұл әйел адамның жұмысы емес» деген пікірлер кездесіп жатады. Бұған қалай қарайсыз?

– Қазіргі заманда мамандықты ерлердің немесе әйелдің жұмысы деп бөліп қарау ескірген түсінік деп ойлаймын. Ең бастысы, кәсіби біліктілік пен өз ісіне деген адалдық. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, нәзік жандар да бұл салада ерлермен нық тіресе, табысты еңбек ете алады. Кейде әйелдерге тән ұқыптылық пен төзімділік қиын түйіндерді шешуге көмектесіп жатады.

– Бүгінде погон тағуды армандайтын нәзік жандарға қандай ақыл-кеңес берер едіңіз?

– Егер бұл шешім жүрек қалауы болса, қорықпау керек дегім келеді. Бұл мамандық табандылықты, төзімділікті және үнемі ізденісті талап етеді. Ең бастысы, өзіңе сену және білімді болу. Болашақ тәртіп сақшысы алдымен өз ісінің шебері болуы тиіс.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Әңгімелескен
София
ХАЙРУЛЛА



– Гүлжан Каһаршақызы, нәзік жаның қиын саланы таңдауы батырлық. Жүрексінбедіңіз бе?

– Бұл менің саналы таңдауым. Бала күнімнен әділдік пен тәртіпті бөрінен жоғары бағалап өстім. «Бойымдағы жігерімді ел игілігіне жұмсасам, қоғамға пайдам тисе» деген асыл арман мені құқық қорғау саласына алып келді.

– Отбасыңызда құқық қорғау саласында қызмет ететін жандар бар ма? Жалпы, «полиция боламын» деген шешіміңізді жақындарыңыз қалай қабылдады?

– Қызық болғанда, әулетімізде бұл салада қызмет еткен адам жоқ. Ата-анам өмір бойы еңбекпен шырдалған қарапайым шаруа адамдары. Әрине, бастапқыда алаңдаушылық білдірді. Себебі полиция қызметінің жауапкершілігі ауыр, қиындығы мен қауіп қатар жүретінін біледі. Дегенмен менің таңдауыма құрметпен қарап, әрдайым қолдау көрсетіп келеді. Олардың сенімі маған күш береді.

– Полиция қызметкері десе, көз алдымызға қаталдық пен темірдей тәртіп келеді. Әйелге тән нәзіктік пен қызметтегі қаталдықты қалай тең ұстауға болады?

– Иә, қызмет барысында талапшылық пен тәртіп қажет. Бірақ менің ұстанымым кез келген жағдайда адамгершілік бірінші орында тұруы керек. Жұмыс барысында табиғатымызға тән мейірімді жоғалтпауға тырысамын. Қаталдық тек заң шеңберінде, жұмыс барысында ғана қажет. Ал жан

Қызылорда қаласы әкімдігінің
2026 жылғы 5 наурыздағы
№473 қаулысы

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына және «Қызылорда облысы Қызылорда қаласының бас жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2009 жылғы 17 шілдедегі №1087 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 маусымдағы №374 қаулысына сәйкес, сондай-ақ «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 4 ақпандағы №177-24/317 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Меншік иелерінен немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушылардан Қызылорда қаласының аумағында орналасқан жалпы көлемі 7614,0 (жеті мың алты жүз он төрт) гектар жер учаскелерінен қажетті көлемі 427,8 (төрт жүз жиырма жеті бүтін оннан сегіз) гектар

бөлігін «Самара – Шымкент» автожолының Қызылорда облысынан өтетін І-ші техникалық санатты автомобиль жолының құрылысы үшін осы қаулының қосымшасына сәйкес мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылғы 8 маусым болып белгіленсін.

3. Меншік иелері немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушылар жүргінетін орын Қызылорда қаласы, Ыбырай Жақасев көшесі, №24, №10 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданысын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі Н.АХАТОВ

Көктемнің алғашқы мерекесі – 8 наурыз қарсаңында ең жауапты салалардың бірінде еңбек етіп жүрген нәзік жан туралы жазғанды жөн көрдік. Өрт сөндіру бөлімі десе, лаулаған от пен ауыр техника, ержүрек ер азаматтар көз алдымызға келеді. Алайда сол батырларды оқиға орнына бағыттап, әр секундты санап, шешім қабылдайтын – диспетчерлер, яғни радиотелефонистер. Төтенше жағдайлар саласында «көріңбейтін майданда» тер төгіп жүрген арудың бірі – аудандық №3 өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндіруші-радиотелефонисті Әсел Жадырсынова. Күнделікті жұмыс барысында жүздеген тағдырдың жауапкершілігін аркалап, әрбір қоныраудың артында тұрған адам өмірі үшін алаңдайтын Әселмен кәсіби мереке қарсаңында сұхбаттасудың сәті түсті.

ҮНСІЗ ЕРЛІК немесе байланыс бекетіндегі ару

– Төтенше жағдай саласын, оның ішінде диспетчерлік қызметті таңдауыңызға не себеп болды?

– Бұл мамандық, ең алдымен, қатал тәртібімен және форма кигендегі айбынымен ұнайды. Бала кезден айналмадағы адамдарға көмектесуді, қиын сәтте көмек қолын созуды армандайтынмын. Бұл сала – нағыз жауапкершілік пен батылдықты талап ететіндіктен, жүрек қалауымен осы жолды таңдалдым. Адам өміріне араша түсу мен үшін үлкен мәртебе.

– Диспетчер болу үшін тек жылдамдық емес, психологиялық төзімділік те керек. Осы салаға келгенде ойға түйгеніңіз...

– Ең бастысы, кез келген жағдайда сабыр сақтай білу. Диспетчер үшін жылдамдықпен қатар, психологиялық төзімділік өте маңызды. Тұтқаның арғы жағындағы адырап, не істерін білмей саскалақтап тұрған адамға сабырлы дауыспен оны тыныштандырып, нақты ақпарат ала білуің керек. Байсалдылық пен суыққанды болу – біздің жұмыстың басты қағдасы.

– Күніне шамамен қанша қонырау қабылдайсыз? Жұмысыңыздың ішкі тынысы туралы толығырақ айтып өтсеңіз...

– Орта есеппен бір кезекшілік ішінде 3-тен 8-ге дейін негізгі қонырау қабылдаймыз. Әрине, мерекелер күндері немесе төтенше жағдайлар жиілеген кезде бұл көрсеткіш едәуір артады. Әрбір қонырауды мұқият тіркеп, оқиғаның мән-жайын анықтап, тиісті қызметтерді жедел бағыттаймыз. Біз оқиға мен көмек арасындағы ең бірінші ағымды байланыс буынымыз.

– Өрт сөндірушілер мен құтқарушыларға ықсау беріп, оларды оқиға орнына аттандырып қандай сезімде боласыз?

– Жауапкершілікті сезінемін. Себебі мен берген ақпараттың дәлдігі мен нақтылығы адамдардың өмірін сақтап қалуға тікелей әсер етуі мүмкін. Сондықтан әрбір секундты бағалап, жігіттердің тапсырманы сәтті орындап, аман-есен қайтуын іштей тілеп отырамын.

– Қоғамда құтқару саласын «нәзік жандарға тән емес» деп жатады. Сіздіңше, бұл мамандықта әйелдердің ролі қандай?

– Бұл – қате түсінік. Қазіргі таңда бұл салада ерлер де, әйелдер де тең дәрежеде табысты еңбек ете алады. Ең бастысы, кәсібилік пен төзімділік. Әйел адамның табиғатына тән шыдамдылық, бір мезетте бірнеше істі үйлестіре алу қабілеті диспетчерлік қызметте өте маңызды рөл атқарады.

– Осы салада қызмет етуді армандайтын жас қыздарға кәсіби маман ретінде қандай кеңес берер едіңіз?

– Ең алдымен, өзіңе сенімді болу және қиындықтан қорықпау керек. Бұл жұмыс батылдықты, жауапкершілікті талап етеді. Қиын жағдайда сабыр сақтап үйрену, білімді үнемі жетілдіру өте маңызды. Мамандықты жүрек қалауымен таңдау керек.

– Мерекеге орай әріптестеріңізге және барша нәзік жандарға айтар тілегіңіз...

– Барша әріптестерімді және барлық нәзік жандарды 8 наурыз халықаралық әйелдер мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға асыл армандарыңыздың орындалуын, жан жадыратар қуаныштың мол болуын тілеймін. Әр шаңырақтың бақыты мен берекесі сарқылмасын, денсаулықтарыңыз ешқашан мұқалмасын. Көктемнің шуақты мерекесі әрбір жанға тек жасалық әкелсін!

– Сұхбатыңызға рахмет!

Әңгімелескен София ТЕМІРБОЛАТ

Иықтан шашы төгіліп жерге, күмісті шашбау жарасып белге...

Қазақтың ұлттық киімі үлкен мәнге ие. Ұзатылатын қыздың өне бойынан инабат пен ізгілік нұрын шашып, ажарына сай өю-өрнекпен көмкеріліп, тал бойына жара-сып тұрса қандай ғажап. «Иықтан шашы төгіліп жерге, күмісті шашбау жарасып белге...» деген өлең жолдары осындайда тура керек. Қос бұрымына шашбау тағып, үкілі қамшат бөрік пен сәу-келе киген арулар. Қазақтың асыл дәстүрін дәріптеген шара «Отбасы» орталығында ерекше салтанатпен өтті. «Бойжеткен Modem» ұзату көйлектерінің көрсетілімінде қыз ұзату салтының мәні мен маңызы сахналық қойылым арқылы көрініс тауып, ұлттық болмыс пен заманауи сән үйлескен ұзату көйлектері көпшілікке ерекше көңіл-күй сыйлады.

Көрсетілімде қаламыздағы «Aigul», «SARA», «AMOR FATI», «IDEAL» той салондары ұсынған сәнді ұзату көйлектері таныстырылды. Бойжеткеннің нәзіктігі мен сұлулығын айшықтап, ұлттық нақыш пен жаңа сәннің үйлесімін танытқан әрбір топтама көрермендер тарапынан жоғары бағаланып, ерекше таңданыс тудырды.

Сән-салтанатпен айшықталған кеш қонағы облыстық әйелдер кеңесінің төрайымы Райкүл Байназарова, облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Пирмұхаммед Сыздық қатысып, ізгі лебіздерін білдірді.

Қазақ қызының қадір-қасиетін, ұзату дәстүрінің терең мағынасын және сән өнерінің жаңа бағытын насихаттауға арналған тағылымды шара аясында «Бекзат қыздар» академиясының қатысушылары және демеуші кәсіпкерлерге алғыс хаттар мен естелік сыйлық табысталды.

Гайһар АСКАРҚЫЗЫ



Қызылорда қаласы әкімдігінің 2026 жылғы «5» наурыздағы
№473 қаулыға қосымша

№	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесінің немесе жер пайдаланушының аты-жөні	Жер учаскесінің жалпы көлемі, га	Мемлекет мүддесі үшін қажетті көлемі, га	Нысаналы мақсаты	Мекенжайы	Құқық түрі
1	10-156-075-999	Кулмбетов Асхат Куанышович	1500,0	67,8	өнімді кәсіпкерлікке негізделген шаруа қожалығын жүргізу үшін	«Қызылорда-Жемізі» трассасының бойы	уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы
2	10-156-075-071	Тулеуов Тұрсынбай Сағатжанович	950,0	17,1	шаруа қожалығын жүргізу үшін	Абай ауылы	уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы
3	10-156-075-088	«Жумгал» шаруа қожалығы	200,0	16,2	ортқ бірлескен шаруа қожалығын жүргізу үшін	Абай ауылы	уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы
4	10-156-075-075	«ТОЛЕУ» шаруа қожалығы	1435,0	37,7	шаруа қожалығын жүргізу үшін	Абай ауылы	уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы
5	10-156-075-124	«Арман» шаруа қожалығы	824,0	11,2	шаруа қожалығын жүргізу үшін	Жағал тал өңірі	уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы
6	10-156-074-338	«ДАУРЕН» шаруа қожалығы	580,0	37,8	шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндiрiсiн жүргізу үшін	«Алмат бөзі» өңірі, нөмірсіз	уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы
7	10-156-074-334	«Ақжол» шаруа қожалығы	800,0	24,5	шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндiрiсiн жүргізу үшін	«Қойбай» өңірі, нөмірсіз	уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы
8	10-156-074-351	Сексенбаев Сержан Дулатұлы	200,0	38,7	шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндiрiсiн жүргізу үшін	Қызылмек ауылдық округі, Қырымбек ауылы, Асқар өңірі, №2 учаске	уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы
9	10-156-074-318	Копеев Нұрлан Кенесович	300,0	10,0	өнімді кәсіпкерлікке негізделген шаруа қожалығын жүргізу үшін	«Аршалы» өңірі	жеке меншік
10	10-156-074-309	Баймаханов Қазғар Ермөңкеш	500,0	40,0	өнімді кәсіпкерлікке негізделген шаруа қожалығын жүргізу үшін	Қызылмек ауылдық округі, «Қойбай» өңірі	уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы
11	10-156-074-339	Тажимбетов Нұржамал Садуақасович	50,0	10,0	шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндiрiсiн жүргізу үшін	«Ақжол» өңірі, нөмірсіз	уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы
12	10-156-074-027	«Берібай» шаруа қожалығы	100,0	96,7	өнімді кәсіпкерлік жүргізуге негізделген шаруа қожалығын жүргізу үшін	«Қаракол» ауылы өңірі	жеке меншік
13	10-156-074-352	Аханов Мұхаметжан Берібайұлы	175,0	20,1	шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндiрiсiн жүргізу үшін	Қызылмек ауылдық округі, Апызақ ауылы, Бестам өңірі, №2 учаске	уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығы
	Барлығы		7614,0	427,8			

НӘЗІКТІК ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК ҮНДЕСКЕН



– Кейде «қаржы – ер адамдарға тән сала» деген түсінік кездесуі мүмкін. Бірақ қазіргі таңда бұл көзқарас өзгеріп келеді. Мысалы, «Отбасы банктің» басқарма төрағасы Ләззат Ибрагимова бірнеше жыл жетекшілік қызмет атқарып келеді. Ол кәсіби талаптарды ғана емес, қызметкердің өмірлік жағдайына түсіністік танытады. Қаржы саласында тек есеп кана емес, топпен жұмыс, келіссөз жүргізу, тұтынушымен байланыс та маңызды. Әйел затының эмоционалды интеллекті жоғары болуы осындайда артықшылық береді, – дейді маман.

«Отбасы банк» тұрғын үй жағдайын жақсартуға бағытталған несиелер ұсынады. Яғни азаматтар үй сатып алу, жаңа баспана салу немесе тұрғын үйін жөндеу мақсатында қаржылай қолдау ала алады.

Сәуле Әбілова көп отбасында маңызды шешім қабылдауда әйелдің ықпалы зор екенін байқаған. Әсіресе үй алу немесе тұрмыстық жағдайды жақсарту мәселесінде нәзік жандар бастама көтеріп, отбасы мүшелерін жігерлендіреді екен. Болашақты ойлап, тәуекелге баруға, қаржылық қалам жасауға көбіне әйелдер түрткі болады.

– Қоғамда «әйелдер ақшаны үнемдеп ұстайды» деген пікір жиі айтылады. Күнделікті қаржының есебін жүргізу әйелдердің жауапкершілігінде болады. Дегенмен бұл барлық жерде бірдей деген сөз емес. Әр отбасының қаржылық тәртібі әртүрлі қалыптасады. Кей жағдайда ер азаматтар үнемшіл әрі жинақтауға бейім болса, кейде керісінше. Қазіргі жастардың қаржылық сауаттылығы да бұрынғы буынға қарағанда біршама жоғары. Бұған интернет, әлеуметтік желілердің әсері зор. Instagram, TikTok және басқа да платформалар арқылы жастар түрлі апарат алып, қаржысын тиімді басқару жолдарын үйренуде, – дейді қаржы маманы.

Маманның айтуынша, несие алар алдында әр адам өз табысын және шығындарын нақты есептеуі қажет. Несие тек шын қажеттілік тұндаған жағдайда ғана алынғаны дұрыс. Қиын күндерге белгілі бір қаржылық қордың болуы да маңызды. Азаматтардың несие төлемін кешіктіруінің бірнеше негізгі себебі бар. Ең жиі кездесетіні – табыстың

азаюы немесе жұмыстан айырылу. Сонымен қатар денсаулық жағдайы, отбасындағы қиындықтар да қаржылық міндеттемелерді уақытында орындауға келтіруі мүмкін. Кейбір жағдайда адамдар өз шығындарын дұрыс жоспарламағандықтан немесе бірнеше несиені қатар алғандықтан төлемдерді уақытында өтеу қиына соғады.

– Ең алдымен, әр адам өз табысын және ай сайынғы шығындары табыстың үлкен бөлігін алып қоймауы керек. Сондай-ақ несие алар алдында оның шарттарын, пайыздық мөлшерлемесін және төлеу мерзімін мұқият оқып, толық түсініп алу қажет. Осы кеңестерді ескерсе, несие алу кезінде тәуекелді дұрыс бағалап, қаржылық қиындықтардың алдын ала алады, – дейді ол.

Сәуле Әбілова көп отбасында маңызды шешім қабылдауда әйелдің ықпалы зор екенін байқаған. Әсіресе үй алу немесе тұрмыстық жағдайды жақсарту мәселесінде нәзік жандар бастама көтеріп, отбасы мүшелерін жігерлендіреді екен. Болашақты ойлап, тәуекелге баруға, қаржылық қалам жасауға көбіне әйелдер түрткі болады.

– Қоғамда «әйелдер ақшаны үнемдеп ұстайды» деген пікір жиі айтылады. Күнделікті қаржының есебін жүргізу әйелдердің жауапкершілігінде болады. Дегенмен бұл барлық жерде бірдей деген сөз емес. Әр отбасының қаржылық тәртібі әртүрлі қалыптасады. Кей жағдайда ер азаматтар үнемшіл әрі жинақтауға бейім болса, кейде керісінше. Қазіргі жастардың қаржылық сауаттылығы да бұрынғы буынға қарағанда біршама жоғары. Бұған интернет, әлеуметтік желілердің әсері зор. Instagram, TikTok және басқа да платформалар арқылы жастар түрлі апарат алып, қаржысын тиімді басқару жолдарын үйренуде, – дейді қаржы маманы.

Маманның айтуынша, несие алар алдында әр адам өз табысын және шығындарын нақты есептеуі қажет. Несие тек шын қажеттілік тұндаған жағдайда ғана алынғаны дұрыс. Қиын күндерге белгілі бір қаржылық қордың болуы да маңызды. Азаматтардың несие төлемін кешіктіруінің бірнеше негізгі себебі бар. Ең жиі кездесетіні – табыстың

Думан КЕҢШЛІК

Бәрі де өткен ғасырдың басында Еуропа мен АҚШ-тағы жұмысшы әйелдердің теңдік іздеген бейбіт шерулерінен басталды. Осы тарихи қозғалыстың басында тұрған Клара Цеткин 1910 жылы Колонгагенде өткен халықаралық конференцияда бұл күнді әйелдердің ынтымақтастық мерекесі ретінде бекітуді ұсынды. Осылайша, 1911 жылдан бастап кәрі құрлықтың бірқатар елдерінде мерекені алғашқы парактары ашылды. Кеңестік кезеңде, нақтырақ айтсақ 1921 жылы, бұл күн ресми сипат алып, «небөкші әйелдер мерекесі» деген атаумен күнтізбеге енді. Қазақ даласында бұл мереке 1923 жылдан бастап кеңінен аталып өте

Заңнамалық серпіліс және құқықтық қорғау

Елімізде өткен жыл әйелдер құқығын қорғау саласындағы тарихи шешімдермен есте қалды. 2024 жылы қабылданған «Әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы» заңның нәтижесінде тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін қылмыстық жауапкершілік күшейтілді. 2025 жылдан бастап stalking және некеге мәжбүрлеу бойынша жаңа қылмыстық баптар қолданысқа енді. Бұл қадамдар қоғамдағы әйелге қарсы озбырлықты тыюдың пәрменді тетігіне айналып отыр.

ТЕҢДІК МҰРАТЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ПАЙЫМ

бастаса, 1965 жылдан бері елімізде демалыс күні болып жарияланды. Әлемдік деңгейде Біріккен Ұлттар Ұйымы бұл күнді 1975 жылы ресми түрде Халықаралық әйелдер күні деп таныды. Тәуелсіздік алғаннан кейін де Қазақстан бұл игі дәстүрден жаңылмай, жыл сайын аналар мен аруларды аялаудың жарқын үлгісін көрсетіп келеді. Тарих беттерінде әйелдердің теңдігі мен құқығы жолындағы күрестің символы ретінде 8 наурыз мерекесі бүгінде Қазақстанда жаңа мазмұнға ие болуда.

Статистика және халықаралық рейтинг

Дүниежүзілік экономикалық форумның 2025 жылғы Жаһандық гендерлік алшақтық индексіне сәйкес, Қазақстан 148 елдің ішінде 92-орынға тұрақтады. Бұл көрсеткіш елдегі гендерлік теңдіктің 69,8%-ға орыдалғанын білдіреді. Әсіресе, денсаулық сақтау және өмір сүру сапасы бойынша еліміз 33-орынға дейін көтеріліп, айтарлықтай ілгерілеушілік танытты. Дегенмен, экономика мен білім беру саласындағы көрсеткіштердің төмендеуі, сондай-ақ саяси биліктегі әйелдер үлесінің 117-орында қалуы қоғамда теңсіздіктің әлі де бар екенін айқайтайды.

Басы 1-бетте



Қоғамдық санадағы сілкініс

Бүгінгі таңда Қазақстандағы феминизм тек саяси ұрандармен шектелмей, әлеуметтік құбылысқа айналды. 2026 жылғы мәліметтер бойынша, елімізде 10,5 миллионға жуық әйел тұрады және олардың 55,8%-ы мемлекеттік қызметте еңбек етеді. Әсіресе, Конституциялық сот пен бірқатар министрліктерді әйелдердің басқаруы теңдік идеясының институционалды деңгейде мойындалуының көрінісі.

Әйелдер капиталы – жаһандық дамудың қозғалтқышы

Қазіргі таңда әйелдердің экономикалық белсенділігі тек әлеуметтік әділдік мәселесі емес, бұл кез келген мемлекеттің жалпы ішкі өнімін (ЖІӨ) еселеп арттыруға қауқарлы стратегиялық ресурсқа айналды. Дүниежүзілік банктің соңғы зерттеулеріне сүйенсек, егер еңбек

еңбегі есептелмейтін орасан зор еңбек. Оxfam (Oxfam) ұйымының дерегіне, әлем бойынша әйелдердің мұндай ақысыз жұмысының құны жылына 10,8 триллион долларды құрайды. Қазақстанда әйелдердің бұл салаға жұмсайтын уақыты ерлерге қарағанда орта есеппен үш есе көп. Бұл көрсеткіш әйелдердің кәсіби тұрғыда өсуіне және табыс табуына кедергі келтіретін негізгі факторлардың бірі болып қалады. Соңғы бес жылда елімізде «әйелдер экономикасы» деген термин жаңа мазмұнға ие болды. Қаржылық сауаттылықты арттыру бағдарламалары мен мемлекеттік гранттардың нәтижесінде ауылдық жерлердегі әйелдердің өзін-өзі жұмыспен қамту деңгейі артқан. Халықаралық валюта қорының (ХВҚ) талдауына, әйелдердің жұмысқа көбірек тартылуы тек экономикалық өсімді ғана емес, сонымен қатар қаржылық жүйенің тұрақтылығын да қамтамасыз етеді, өйткені әйелдер басқаратын компаниялардың тәуекелдерді басқару деңгейі жоғары екені дәлелденген.

София ХАЙРУЛЛА

Халықаралық әйелдер күні мерекесі ерекше мағынаға ие. Бұл күн жақын жандарды қуантып, гүл сыйлап, жылы сөз арнайтын мереке. Ең алдымен анасына, туыстарына және барлық қыз-келіншектерге алғыс айтып, олардың еңбегін бағалауды маңызды санауға Сәуле Әбілованың анасы да 40 жылдан астам уақыт қаржы саласында қызмет атқарған екен. Оған анасының еңбекқорлығы, төзімділігі мен адамгершілігі үлгі болып қаржы саласын таңдауға себеп болған.

– Бұл күн адамдар арасындағы сыйластық пен махаббатты арттыра түседі. Жақын адамдарымыз амаңдығы мен шаттығы, олардың көкірегінің көру мен үшін ең қымбат сезім. Сондықтан 8 наурыз – жай ғана мереке емес, жүректен шыққан алғыс пен құрмет күні. Жұмыста – жауапты қызметкер, ал үйде – отбасының ұйытқысы болу әйел адамға тән қасиет. Мен де сол секілді үйге келгенде нәзік жанды әйелмін, үлкен шанырақта келінмін. «Әйел бақыты» ұғымы ең алдымен жан тыныштығы мен отбасының берекесі. Әйел бақыты отбасындағы жылулық пен қамқорлықтан көрінеді, – дейді ол.

Қаржы саласы жоғары жауапкершілікті, дәлдікті және тәртіпті талап етеді. Мұндай ортада ұқыптылық, тағдыр қабілеті мен сабырлық маңызды. Сәуле Алматылықтың айтуынша, әйелдер осы қасиеттерінің арқасында ұжымда сенімді маман ретінде танылып келеді. Бүгінде қаржы жүйесінде әйелдер тек маман ғана емес, жетекші қызметтерде де өз орнын табуда.

Басы 1-бетте

ҚЫЗЫҚ КӘСІП

Шоколадты құлпынай жасаудың құпиясы

Соңғы жылдары ерекше безендірілген тәттілерге сұраныс артып келеді. Соның ішінде шоколадпен қапталған құлпынай көпшіліктің көңілінен шығып, сәнге айналып үлгерді. Тіл үйірет дәмді мен көз тартар көрінісі бұл өнімді тек тәтті тағам ретінде емес, ерекше көңіл күй сыйлайтын сыйлыққа айналдырғандай. Әсіресе туған күн, мерейтой, гашықтар күні, аналар мерекесі секілді айтулы күндерде шоколадтағы құлпынайдан жасалған сәнді бокстарға сұраныс жоғары. Бүгінде бұл шағын кәсіптің бір түрі ретінде кеңінен дамып келеді. Тәтті кәсіпті табыс көзіне айналдырып жүрген жас кәсіпкердің бірі – Аружан Серікбай.

Аружанның айтуынша, еңбекке деген құрмет пен кәсіп бастауға деген талпыныс ең алдымен оның отбасынан бастау алған екен.

– Бала кезден әкеміздің адал еңбегін көріп өстік. Әкем маңдай терімен табыс табатын. Сол кісінің еңбекқорлығы бізге үлгі болды. Шыны керек, мен де қол қусырып қарап отыра алмадым. Себебі қазір айылдан айлыққа өмір сүру қиын. Өз кәсібін бастамау келді. Қосымша табыс көзін іздеймін деп нәтижесінде осы кәсіпке тоқталдым, – дейді Аружан.

Бастапқыда ол қымзы сатуды жоспарлаған. Алайда уақыт өте келе нарықты зерттеп, қазіргі жастардың талғамына сай жаңа бағыт іздей бастайды. Әлеуметтік желілерді бақылап отырып, шоколадты құлпынай мен гүл шоқтарына сұраныстың жоғары екенін байқайды.

– Қазіргі таңда адамдар ерекше әрі әдемі сыйлық бергенді ұнатады. Әлеуметтік желіде шоколадты құлпынайдан жасалған сыйлықты жиі көретінімін. Сол кезде осы істі үйренсем қалай болады деген ой келді. Бірден бастап кете алмадым.

Басы 1-бетте



Ішімде қорқыныш болды. Дегенмен, тәуекелге бел буып, бастап көрдім. Арнайы практикалық сабақтарға қатыстым. Мейлінше бұл кәсіптің қырсырын меңгеруге тырыстым. Алғашқы тапсырыс әріптесімнен түсті. «Қолымнан келе ме?» деген күдік болғанын жасырмаймын. Барынша әдемі етіп дайындауға тырыстым. Нәтижесінде тапсырыс беруші риза болып, маған үлкен сенім сыйлады, – дейді жас кәсіпкер.

Кәсіп бастау үшін міндетті түрде үлкен қаржы қажет емес. Тек ниет пен еңбек болса жеткілікті.

– Мен бұл істі небәрі 50 мың теңгемен бастадым. Сол қаражатқа қажетті құрал-жабдықтарды, қаптама материалдарын және алғашқы өнімдерді сатып алдым. Шынын айтсам, кәсіп бастау үшін ең бастысы, үлкен ақша емес, ниет пен еңбек керек. Егер адам өз ісіне жауапкершілікпен қарап, тоқтамай еңбек етсе, нәтиже міндетті түрде болады, – дейді ол.

Өнім дайындауда жас кәсіпкер сапаға ерекше мән береді. Әсіресе құлпынайды таңдауға өте мұқият қарайды.

– Құлпынай – нәзік жеміс. Сондықтан оны таңдағанда өте мұқият болу керек. Сонымен қатар құлпынайдың құрғақ әрі бүтін болғанына назар аударамын. Ылғал тартқан немесе жұмсарып кеткен құлпынайды пайдаланбаймын. Себебі бәрі алдымен жемістің сапасына байланысты, – дейді кәсіп иесі.

Шоколад таңдауда сапаны басты орынға қояды.

– Жұмыс барысында көбіне бельгиялық шоколад қолданамын. Оның дәмі қанық, сапасы жоғары әрі құлпынаймен жақсы үйлеседі. Тұтынушыларға сапалы өнім ұсыну – тапсырысты арттырады, – дейді Аружан.



Айдана БАХТИЯР

Газеттің келесі нөмірі 14 наурыз, сенбі күні шығады.

Меншік иесі:



Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А, Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-7.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ 4310318.07.03.01178 нөмірмен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонна хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3875 Тапсырыс №397

Нөмірдің кезекші редакторы Думан КЕҢШЛІК